



## БҰЙРЫҚ

2.09.2025 жыл

## ПРИКАЗ

№109

### Білім алушылардың тамақтану сапасын мониторинг жүргізу үшін комиссия құру туралы

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығының 83-тармақшасына, 2020 жылғы 8 маусымдағы №235 бұйрығымен енгізілген өзгерістерді ескере отырып, 2-тарау 3-параграф 109-111-тармақтарын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1.2025-2026 оқу жылында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыруда тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия мүшелері құрылсын:

- 1) А.Султанова – мектеп директоры, комиссия төрайымы;
- 2) К.П.Утешова – бастауыш сыныптар бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, төрайым орынбасары;
- 3) З.Қалиева – әлеуметтік педагог, мүше;
- 4) С.Арыстанова – қамқоршылық кеңес төрайымы, мүше;
- 5) Г.Кузенбаева – мектеп психологы, мүше;
- 6) М.Сейтова – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, мүше;
- 7) Б.Қанатқалиева – бас есепші;
- 8) С.Ғалымжанова – мектеп медбикесі

2.Комиссияның міндеттеріне келіп түсетін өнімдерінің сапасына, отандық тауар өндірушілердің тамақ өнімдеріне СТ-KZ сертификаттарының болуына, дайындалған тағамдардың сапасына, технологиялық жабдықтардың болуына және жарамдылығына, азық-түліктерді, дайын тағамдарды сақтау, жеткізу мерзімдері мен шарттарының сақталуына, балалардың нақты тамақтану рационының күнделікті, перспективалық ас мәзіріне сәйкестігіне, асхананың санитарлық жағдайына мониторинг жүргізу жүктелсін.

3.Комиссия жұмысының қорытындылары жоспарға сәйкес уақытында педагогикалық кеңесінде қаралсын және интернет-ресурстарында ақпарат түрінде орналастырылсын.

4.Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры



А.А.Султанова



## БҰЙРЫҚ

02.09.2025 жыл

## ПРИКАЗ

№108

### Бастауыш сынып білім алушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз етуді ұйымдастыру туралы

«Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазанындағы №598 бұйрығын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Білім алушылардың ыстық тамақпен қамтамасыз етілуінің ұйымдастырылуын қадағалау үшін төмендегі құрамда комиссия құрамы бекітілсін:

- 1) А.Султанова – комиссия төрайымы, мектеп директоры;
- 2) Қ.Утешова – төрайым орынбасары, бастауыш сыныптар бойынша оқу ісі орынбасары;
- 3) С.Ғалымжанова – мектеп мейірбикесі, мүше;
- 4) С.Махмутова – мектеп психологы, мүше;
- 5) С.Арыстанова – ата-аналар комитетінің мүшесі;
- 6) А.Жамбырова – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, мүше;
- 7) З.Қалиева – әлеуметтік педагог, мүше;

2. 2025 жылдың 2 қыркүйегінен бастап мектептің бастауыш сыныбының 319 (4 үйден оқыту) білім алушысы ыстық тамақпен қамтамасыз етілсін. Тізім жалғанды.

3. Білім алушылардың тамақтану кестесі жасақталып, бекітілсін. (Жауапты З.Қалиева).

4. Күнделікті ас мәзірін (меню) дайындау және ас дайындаудың санитарлық талапқа сай болуын қадағалау диетолог Н.Мусаева міндеттелсін.

5. Мектеп буфеті қызметкерлері жұмысының санитарлық тазалық талабына сай болуын ұйымдастыру және қадағалау директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары Р. Бердалинаға жүктелсін.

6. Жұмсалған қаражаттың апталық, айлық есебін шығару жауапкершілігі бас есепші Б. Қанатқалиеваға міндеттелсін.

7. Білім алушылардың тамақ ішуге уақытында келуін және тамақ ішу кезіндегі тәртібін қадағалаушынып жетекшілері: Л.Ищанова, А.Тасимова, Г.Салиева, Л.Сармекова Қ.Утешова, Г.Рахманова, А.Калымова, Л.Анесова, Ш.Умбетова, Т.Кужахметова, С.Кабдулова, Г.Сартаева, А.Бекмуханова, Ж.Джайлаубаева, М.Муханбетқалиеваға жүктелсін.

8. Мектеп асханасында дайындалатын тамақтың санитарлық талаптарға сай болу жауапкершілігі жеке кәсіпкер Б.Избасоваға міндеттелсін.

9. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Н.Хидуллина мен әлеуметтік педагог З.Қалиеваға жүктелсін.

Мектеп директоры



А.А.Султанова



**БҰЙРЫҚ**  
**09.09.2025 жыл**

**ПРИКАЗ**  
**№122**

**Асханада сатылуға тыйым  
салынған тағамдар туралы**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2022 жылғы 17 ақпандағы №ҚР ДСМ-16 бұйрығымен бекітілген «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитарлық – эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларына сай, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Асханада санитарлық – эпидемиологиялық талаптардың орындалуы қатан бақылауға алынып, қатық, айран, сүзбе, басқа да қышқыл сүт өнімдерін, туралған ет қосылған құймақтарды, флотша макаронды, зельцтерді, форшмақтарды, сілікпелерді, паштеттерді, кремі бар кондитерлік өнімдерді, морстарды, квастарды, фритюрде қуырылған өнімдерді, шала пісірілген, жұмыртқаны, қуырылған жұмыртқаны, күрделі (компоненттен артық) салаттарды қаймақ пен майонез қосылған салаттарды, оқорачканы, саңырауқұлақты, үйде дайындалатын өнімдерді, тез дайындалатын құрғақ тағамдық концентраттар негізінде бірінші және екінші тағамдарды, газдалған, емдік және емдік асханалық минералдық сусындарды, диффузиялық қойытылған шырындарды (қаптамаалаған) гамбургерлер, хот- догтарды, ащы тұздықтар, кетчуптерді, ащы дәмдеуіштерді, бұрыш, ақшелкек, қыша) дайындау және өткізуге тыйым салынсын.

2. Пастерленбеген сүтті, термиялық өңдеусіз сүзбені және қаймақты, суда жүзетін құстың жұмыртқасы мен етін, ауыл шаруашылығы бойынша қолайсыз шаруашылықтың сүтін және сүт өнімдерін, тіл, жүректі қоспағанда өнімді мал мен құстың сүт өнімдерін, құс етінен алынған құрамында коллаген бар шикізатты, сойылған өнімді мал екен, құстың қайта мұздатылған өнімдерін, генетикалық түрлендірілген шикізаттар және (немесе) құрамында генетикалық түрлендірілген көздер бар шикізаттарды, иодталмаған (фортификацияланбаған) жоғары және бірінші сұрыпты бидай ұнын пайдалануға жол берілмесін.

3. Оқушылардың тамағына жаңа жоғары сапалы тағамдарды сертификатымен қабылдау қамтамасыз етілсін.

**Мектеп директоры**



**А.А.Султанова**



## БҰЙРЫҚ

2.09.2024 жыл

## ПРИКАЗ

№110

### Бракераж комиссиясын құру туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығына сәйкес және ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 2022 жылғы 17 ақпандағы №ҚР ДСМ-16 бұйрығының 5 тарауы 3,4-параграфтарына сәйкес, бекітілген «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитарлық – эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын басшылыққа ала отырып, мектеп асханасының ас блоктарында дайын тағамдардың сапасына бақылау жүргізу мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1.2025-2026 оқу жылында білім беру ұйымында тамақтану сапасын мерзімдік бағалауды жүргізу, асханада тез бұзылатын тағамдардың сертификаттарын тексеру, жарамдылығын үнемі қадағалап отыратын бракераждық комиссия құрамы төмендегідей құрылсын:

1) Комиссия төрайымы: директордың бастауыш сыныптар бойынша орынбасары – А.А.Султанова

2) Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – М.Сейтова

3) Мектеп медбикесі - С.Ғалымжанова

4) Әлеуметтік педагог – З.Калиева

5) ЖК «Избасова» - Б.Избасова

6) Диетолог – Н.Мусаева

7) Ата –аналар комитетінің мектеп бойынша төрайымы - С.Арыстанова







2.Құрылған комиссия мүшелеріне тоқсанына 1 рет мектеп асханасына рейд жасау міндеті жүктелсін.

3.Күнделікті ас мәзірін назарда ұстау, шикі өнім мен дайын ас бракераж журналы жүргізілуін қадағалау диетолог- Н.Мусаеваға міндеттелсін.

4.Атқарылған жұмыстардың ақпараты білім беру ұйымының интернет – ресурстарына орналастыру әлеуметтік педагог З.Калиева жүктелсін.

5.Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Бұйрықпен таныстым:

 М.Сейтова  
 З.Калиева  
 Н.Мусаева  
 С.Ғалымжанова  
 Б.Избасова  
 С.Арыстанова

Мектеп директоры



А.А.Султанова

000110